

**Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 264 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 17 қазанда № 2627 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 71 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 20.03.2014 № 71 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңы 5-бабының 4) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Діни әдебиеттерді және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ш.Ж. Мұқанға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Б. Измұхамбетов*

Атырау облысы әкімдігінің  
2012 жылғы 3 қазандағы № 264  
қаулысына қосымша

**Діни әдебиеттерді және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы**

№	Дүкендердің атауы	Дүкендердің мекен-жайы
Атырау қаласы		
1	"Адал" СҮ, "Эльдорадо" дүкені	Азаттық даңғ., 55
2	"Атырау" СО, "Меломан" дүкені	Қ. Сәтпаев к-сі, 17а

3	"Читающий Прикаспий" дүкені	Авангард ш.ауд., 2-22 Махамбет к-сі, 103
4	"Зайнаб" дүкені	Азаттық даңғ., 131-57
Жылыой ауданы, Құлсары қаласы		
1	"Ақтан" СҮ	И. Тайманов к-сі, 50

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК